

1994 жылғы көшіп келу квотасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 18 мамырдағы N 1701 Қаулысы "Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және көшіп келушілерді қоныстандыру мен жайғастыруды ұйымдастыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН** :

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ұсынған 1994 жылы шет елдерден көшіп келу квотасы қосымшаға сәйкес 7 мың отбасы мөлшерінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті көшіп келушілерді қоныстандыруды, орналастыруды, жайғастыруды ұйымдастыру жөнінде қажетті шаралар қолдансын және аталған шараларға арнап Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мемлекеттік қорына түсімдер шегінде, бірақ 1994 жылдың республикалық бюджетінде осы мақсаттарға белгіленген шығыс сомасынан асырмай, қаржы ресурстары бөлінуін **к о з д е й т і н б о л с ы н .**

Аталған қаржы облыстарға белгіленген көшіп келу квотасына сәйкес бөлінсін.

3. облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері: көшіп келушілерді топтап қоныстандыруға арналған аудандар мен елді мекендерді, олардың туыстық және шаруашылық-өндірістік байланысын, осы аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын ескере отырып, жұмысқа орналастырылатын кәсіпорындарды, ұйымдар мен шаруашылықтарды бір ай мерзім **і ш і н д е а н ы қ т а с ы н ;**

көшіп келушілерді қабылдауды және жайғастыруды қамтамасыз етіп, оларға қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасауға шаралар қолданатын болсын;

көшіп келушілердің тұрғын үй салуына және шаруашылық қызметпен айналысуына жер учаскелерін бөлсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 4

ж ы л ғ ы

1 8

м а м ы р д а ғ ы

N

1 7 0 1

қ а у л ы с ы н а

қосымша

1994 жылғы көшіп келу квотасы туралы

Көшіп келушілер	Ауған-стан мұсыл	Иран мұсыл	Қытай Халық Рес-	Мон-ғо-лия	Ресей Феде-	Тәжік Рес-пуб-	Түр-кі-	Тү-рік Рес-	Өз-бек Рес-	Бар-лы-ғы
-----------------	------------------	------------	------------------	------------	-------------	----------------	---------	-------------	-------------	-----------

Алматы қаласы	-	-	30	-	-	-	10	10	10	60
Ленинск қаласы	-	-	-	-	70	-	-	-	-	70
Барлығы	300	250	500	2000	1740	200	1000	210	800	7000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК